

8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Таушанова Майя Карибаевнаның «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Таушанова Майя Карибаевнаның «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбы бойынша жасалған диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы «Өмір және денсаулық туралы ғылым» Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы жан-жақты ашылған. Бұл зерттеудің өзектілігі күмән тудырмайды, себебі ол медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауды жетілдіруге бағытталған. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері қазіргі офтальмологиялық тәжірибенің қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді.

		Зерттеу нәтижелері тақырыптың өзектілігі мен жанылығын дәлелдейді. Сонымен қатар, диссертация нәтижесінде жеті авторлық куәлік алынған. Глаукомамен ауыратын науқастардың емдеуді ұстану дәрежесі және өмір сапасын бағалауға арналған сауалнама офтальмологиялық тәжірибеде кеңінен қолданылуы мүмкін. Диссертациялық зерттеу нәтижелері Scopus мәліметтер базасына кіретін жоғары рейтингті журналдарда, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланды.
3.	Өзі жазу принципі	Берілген диссертациялық жұмыс өз бетінше аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Докторант М.К. Таушанова зерттеу барысында жоғары деңгейдегі дербестік танытып, ғылыми жұмысқа жүйелі және жауапты көзқарасын көрсетті. Зерттеу міндеттерін орындау үшін докторант заманауи әдістемелік тәсілдерді қолданып, зерттеуді ұйымдастырудың барлық кезеңдеріне тікелей атсалысты. Диссертациялық зерттеу аясында деректерді жинау, талдау және интерпретациялау жұмыстары докторанттың жеке бастамасымен және белсенді қатысуымен жүзеге асырылды. Зерттеу материалдары статистикалық өңдеудің жоғары стандарттарына сәйкес талданып, бұл алынған нәтижелердің дәлдігі мен негізділігін қамтамасыз етті. Докторант өз зерттеуінің нәтижелерін беделді ғылыми басылымдарда жариялап, жарияланымдардың басым бөлігінде бірінші автор ретінде көрсетілген. Бұл оның зерттеуге қосқан жеке үлесін айқын дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Қазақстанда ғана емес, әлемдік деңгейде глаукоманың жоғары медициналық және әлеуметтік маңыздылығымен
	Өзі жазу деңгейі:	
	1) жоғары;	
	2) орташа;	
	3) төмен;	
	4) өзі жазбаған.	
	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	
	1) негізделген;	
	2) ішінара негізделген;	

	3) негізделмеген.	негізделген. Глаукома – көру қабілетінің қайтымсыз төмендеуіне және соқырлыққа әкелетін созылмалы офтальмологиялық аурулардың бірі болғандықтан, оны ерте анықтау, динамикалық бақылау және науқастардың емдеуге ұстанымын арттыру – денсаулық сақтау жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Глаукомамен ауыратын науқастарда көру қабілетінің төмендеуі олардың өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер етіп, еңбекке қабілеттілікті төмендетеді және мүгедектікке әкеледі. Бұл мәселенің әлеуметтік және экономикалық маңыздылығы ерекше назар аударуды талап етеді. Докторант өз зерттеуінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірледі. Медициналық-санитарлық алғаш көмек деңгейінде офтальмологтардың глаукоманы ерте анықтау, бақылау және емдеу бойынша құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ науқастардың емделуге ұстанымын күшейтуге бағытталған білім беру шараларын енгізу аса маңызды. Зерттеу барысында глаукоманың эпидемиологиялық ерекшеліктері, науқастардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары талданып, динамикалық бақылау тиімділігіне әсер ететін факторлар бағаланды. Сонымен қатар, науқастардың көру қабілетін сақтау және өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында ұсынылған шаралардың тиімділігі жан-жақты зерттелді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбымен және мақсатымен айқындалады, зерттеу міндеттерін орындау, нәтижелерді ғылыми түсіндіру, қорытындылар мен әзірленген ұсыныстар процесінде толық ашылады. Диссертация мазмұнындағы әрбір тараудың аты, ондағы тараушалардың ішкі мамұны
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындалды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	

		диссертацияның тақырыбына сай құрылғандығын, жұмыс мазмұнының айқындылығын дәлелдейді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттелетін мәселе бойынша жүргізілген әдеби талдау мен жинақталған деректер негізінде анықталған. Зерттеу міндеттері нақты тұжырымдалып, жұмыстың негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері оның жарияланған тақырыбына толық сәйкес келеді.
	1) сәйкес келеді;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық түрде өзара байланысты, қағидалары негізделген және диссертацияның бөлімдеріне сәйкес келеді.
	1) толық байланысқан;	Диссертацияның тараулары және олардың ішкі мазмұнына негізделген тараушалары өзара логикалық біртұтастыққа негізделіп толық байланысқан. Зерттеу жұмысының құрылымындағы әр бөлім бір-бірімен логикалық жағынан өзара үйлесімді түрде байланыса отырып, көтерілген мәселені әр бөлім сайын бірінен кейін бірі орынды түрде өрбіте отырып жазылған. Бұл дегеніміз зерттеу жұмысында ой шашыраңқылығы жоқ, логикалық бірізділік сақталғандығын аңғартады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	М.К. Таушанованың диссертациялық зерттеуінің ғылыми нәтижелері жүйелі түрде негізделген, логикалық дәйекті және сыни талдауға сүйенеді. Зерттеу қорытындылары отандық және шетелдік әдеби деректермен салыстырылып, өз зерттеулерінің мәліметтерін терең талдау арқылы алынған. Жұмыста зерттелетін мәселенің шешу жолдары жан-жақты қарастырылып, ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырымдар жасалды.
	1) сыни талдау бар;	
	2) талдау ішінара жүргізілген;	
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
	4) талдау жоқ.	
	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Негізгі ғылыми нәтижелер мен диссертация қағидағтары жаңа болып табылады. Докторант М.К. Таушанова глаукомамен ауыратын наукастарды динамикалық
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	
	1) толығымен жаңа;	

	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	бақылауды жетілдіруге бағытталған жаңа тәсілдер ұсынған. Алғаш рет Ақтөбе облысында глаукомамен ауыратын науқастардың аурушандық және мүгедектік көрсеткіштеріне ретроспективті талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде глаукома таралуының аймақтық ерекшеліктері мен қауіп факторлары анықталды. Сонымен қатар, медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауға катысты ұйымдастырушылық мәселелер жүйеленіп, талданды. Диссертация аясында алғаш рет науқастарға арналған «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасы әзірленді. Оның емдеуді ұстануға және науқастардың өмір сүру сапасын жақсартуға әсері ғылыми тұрғыдан бағаланды. Республиканың авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктермен, сондай-ақ тәжірибелік денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысына ғылыми - зерттеу нәтижелерін енгізу актілерімен расталады. Диссертациялық зерттеудің қорытындылары толықтай жаңа және қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылаудың жетілдірілген тәсілдері олардың емдеуді ұстануын арттырып, өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Глаукоманың созылмалы үдемелі ағымы көру қабілетінің төмендеуіне және мүгедектікке әкелетіндіктен, науқастарды ерте анықтау мен динамикалық бақылауды ұйымдастыру маңызды. Зерттеу барысында глаукома бойынша аурушандық пен мүгедектік көрсеткіштерінің тұрақты өсуі анықталды, бұл өз кезегінде науқастарды тиімді бақылау қажеттілігін айқындайды. Сонымен қатар, офтальмологтардың қабылдау уақытының жеткіліксіздігі, материалдық-техникалық жабдықтың
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		кемшіліктері, науқастарды тексеру мерзімділігінің қысқаруы және дәрігерлердің біліктілігін арттыру қажеттілігі глаукоманы басқару сапасының төмендеуіне әсер ететін негізгі факторлар ретінде анықталды. Зерттеу нәтижелері «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасының емдеуді ұстану деңгейін арттырып, науқастардың көру функциясын жақсартатынын көрсетті. Осыған орай, глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауды жетілдіруге арналған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленді. Ұсынылған шаралар аурушандық пен мүгедектік деңгейін төмендетуге, науқастардың медициналық көмекті уақытылы алуына және денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға ықпал етеді.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық және басқару шешімдері толықтай жаңа әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Зерттеу барысында докторант Ақтөбе қаласындағы «№1 қалалық емхана» және «№4 қалалық емхана» базаларында «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасын тәжірибелік денсаулық сақтау жүйесіне енгізу бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асырды, нәтижесінде тиісті ендіру актілері алынды. Сонымен қатар, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде оқу-әдістемелік процестерге енгізу актілері рәсімделді. Бұған қоса, 7 авторлық куәлік алынған.
	1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның негізгі тұжырымдары ғылыми дәлелдерге негізделген және өзектілігі жоғары. Зерттеу нәтижелері ретроспективті талдау, библиометриялық талдау, бір мезетті көлденең зерттеу, рандомизацияланбаған эксперименттік зерттеу сияқты заманауи әдістерді қолдану арқылы алынған. Алынған негізгі нәтижелер деректердің сенімділігін қамтамасыз ететін статистикалық өңдеумен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).

7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Қорғауға шығарылған бірінші ереже: Ақтөбе облысында глаукомамен ауыратын науқастардың біріншілік және жалпы аурушаңдық, сондай-ақ мүгедектік көрсеткіштеріне жүргізілген ретроспективті талдау олардың тұрақты өсу үрдісін көрсетті. Ақтөбе облысы біріншілік мүгедектік бойынша ҚР-да бірінші орында тұр. Ал соңғы бес ішінде біріншілік аурушаңдық көрсеткіші республикалық деңгейден 1,68 есе жоғары екені белгілі болды. Ереже дәлелденген, тривиалды емес, жаңа әрі кең қолдану шеңберіне ие. Bangladesh Journal of Medical Science халықаралық рецензияланатын журналында мақала түрінде жарияланған. Journal of Health Sciences and Surveillance System халықаралық рецензияланатын журналында мақала түрінде және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған «Қазақстан фармациясы» және «Фтизиопульмонология» журналдарында мақала түрінде жарияланған. 2 авторлық куәлік алынды. Қорғауға шығарылған екінші ереже: Медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауды ұйымдастырудағы негізгі мәселелер мен кемшіліктер анықталды: офтальмологтардың қабылдау уақытының жетіспеушілігі, жұмыс орнының материалдық-техникалық жабдықтармен жеткілікті дәрежеде жабдықталмауы, динамикалық бақылауда тұрған науқастардың тексеру мерзімділігі мен еселігінің қысқаруы және дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру қажеттілігі. Ереже дәлелденген, тривиалды емес, жаңа әрі кең қолдану шеңберіне ие; «Медицинаның өзекті мәселелері және қоғамдық денсаулық және денсаулық
---	---	---

		сақтау саясаты бойынша IV спутниктік форум» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Баку, Әзірбайжан) тезис ретінде жарияланған. 1 авторлық куәлік алынды. Қорғауға шығарылған үшінші ереже: «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасы әзірленіп, Ақтөбе қаласының емханаларына енгізілді, сондай-ақ оның емдеуді ұстануды және олардың өмір сүру сапасын арттырудағы тиімділігі дәлелденді. Ереже дәлелденген, тривиалды емес, жана әрі кең қолдану шеңберіне ие; Bangladesh Journal of Medical Science халықаралық рецензияланатын журналында мақала түрінде жарияланған. 2 авторлық куәлік және 2 ендіру актілері алынды. Қорғауға шығарылған төртінші ереже: Алынған деректер мен халықаралық тәжірибені талдау негізінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылау жүйесін жетілдіруге арналған ғылыми негізделген ұсынымдар ұсынылды. Ереже дәлелденген, тривиалды емес, жана әрі кең қолдану шеңберіне ие; Науқастарға арналған «Глаукома мектебі» әдістемелік құралы дайындалды.
8.	Дәйектілік қағидаты.	Зерттеу әдістемесі ғылыми негізделген және диссертацияда егжей-тегжейлі баяндалған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	Бірінші міндетті орындау үшін ақпараттық, аналитикалық, статистикалық зерттеу әдістері қолданылды: 2015-2023 жж. глаукоманың көрсеткіштері: біріншілік және жалпы аурушандық, біріншілік және жалпы мүтедектік көрсеткіштері зерттелді.
		Екінші міндетті орындау үшін бір мезетті көлденең зерттеу жүргізілді: Ақтөбе облысының медициналық ұйымдарының офтальмолог-дәрігерлері (n=66) зерттеуге қаптысты.
		8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:
		1) ия;
		2) жок.

		Үшінші міндетті орындау үшін рандомизацияланбаған эксперименттік зерттеу: Ақтөбе қаласының №1 және №4 қалалық емханаларында глаукома диагнозымен динамикалық бақылауда тұрған науқастар (n=183) қатысты. Төртінші міндетті орындау үшін аналитикалық әдіс қолданды: статистикалық деректер, ғылыми зерттеу жұмысының ендіру актілері, әдеби шолу, сауалнама қорытындылары пайдаланылды.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	М.К.Таушанованың диссертациялық жұмысында ұсынылған нәтижелер ізденуші алға қойған мақсаттарға ұсынылған ғылыми зерттеу әдістерін қолдану арқылы алынды. Статистикалық талдау және алынған деректерді визуализациялау R 4.4.0 (R Foundation for Statistical Computing, Вена, Австрия) статистикалық есептеу ортасын пайдалана отырып жүргізілді. Библиометриялық анализ үшін Biblioshiny бағдарламалық құралы пайдаланылды. Деректерді интерпретациялауы толық, түсінікті жазылған.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен тұжырымдары дәлелденген және жүргізілген зерттеу нәтижелерімен расталған.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Әдебиеттерді шолу және нәтижелерді талқылау тиісті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Диссертацияның кіріспе бөлімінде, әдеби шолу бөлімінде, қорытынды бөлімінде тиісті әдеби көздерге сілтемелер берілген.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Әдебиет шолуында әдебиет көздерінің жеткілікті санына сілтемелер бар. Библиографиялық көрсеткіш 231 әдебиетті құрап отыр, оның ішінде 48 отандық әдебиет, 183 шетелдік әдебиеттер. Аталмыш деректер бойынша әдебиеттер тізімі толығымен жеткілікті деп бағаланады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы күмән тудырмайды, оның нәтижелерін глаукома мектебі аясында науқастарды оқыту бағдарламаларында, сондай-ақ медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде офтальмолог-дәрігерлер, жалпы практика дәрігерлері және мейіргер ісі мамандарының кәсіби даярлығында пайдалануға болады.
		1) бар;	
		2) жок.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		1) ия;	
		2) жок.	«Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасын енгізу науқастардың өз ауруы туралы хабардарлығын арттыруға, олардың емдеуді ұстануын жақсартуға, сонымен қатар аурудың асқыну қаупін төмендетуге және өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Динамикалық бақылауды жетілдіру бойынша әзірленген ғылыми негізделген ұсыныстар медициналық-санитариялық алғашқы көмек тәжірибесіне енгізілуі мүмкін, бұл глаукоманың ағымын бақылауды жақсартуға, сондай-ақ кеш диагностикалау мен тиімсіз емдеуге байланысты асқынулардың жиілігін азайтуға мүмкіндік береді. Глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауға қатысатын медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру біздің енгізген ғылыми негізделген ұсыныстар арқылы медициналық көмектің сапасын жақсартуға ықпал етуі мүмкін.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Тәжірибеге арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде докторант авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне (Қазақстан Республикасы) мәліметтер енгізу туралы 7 куәлік.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			практикалық денсаулық сақтауға -2 ендіру актісі, сонымен қатар оқу-әдістемелік-2 ендіру актісі алынды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	М.К.Таушанованың «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігі бойынша маңызды ғылыми нәтижелері бар толығымен аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады. Жоғары академиялық сауаттылықпен қазақ тілінде жазылған. Жазу стилі ғылыми әрі түсінікті, ғылыми этикаға жүгіне отырып, жұмысты ғылыми-техникалық талаптарға сай рәсімделген. Бұл академиялық жазу сапасының жоғары екендігін көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияны рецензиялау барысында техникалық және стильдік қателер докторант тарапынан түзетілді.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Халықаралық рецензияланатын журналдарда және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің сапа жөніндегі комитеті ұсынған журналдарда жарияланған мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Осылайша, «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы рецензиялауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығы, ішкі бірлігі, практикалық маңыздылығы, дәйектілігі және академиялық адалдығы сақтала отырып орындалған аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертация

	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті медицина ғылымдары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді. Ізденуші Таушанова Майя Карибаевна 8D10101 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеледі.
--	--

Ресми рецензент:
«Семей медицина университеті» КеАҚ
қоғамдық денсаулық кафедрасының меңгерушісі,
м.ғ.к., профессор

Хисметова Зайтуна Абдулкасимовна

